

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

Айыртау аудандық газеті

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады



Жұмыс сапары

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР - әрдайым назарда

Өткен аптада, қаңтардың 21-і күні Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтанов ауданымызда жұмыс сапарымен болды. Сол күні өңір басшысы Имантау ауылдық округінде өткен округ әкімі Любовь Сердюк пен мен аудан әкімі Ағзам Тастеміровтің тұрғындар алдындағы есепті кездесуіне қатысты.



Облыс әкімі Ерік Хамзаұлы ең алдымен «Имантау: земля и птица» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне ат басын бұрып, шаруашылықтың жұмыс барысымен танысты.

Сонан соң өңір басшысы Имантау орта мектебінде болып, мектеп жанындағы 65 бүлдіршінге арналған шағын орталықты, бірнеше сыныптарды, мектептің кітапханасы мен мұражайын және акт залын аралап көрді.

Кейін өңір жетекшісі ауданымызға танымал жаттықтырушы Петр Меняйлов жаттықтыратын жас шаңғышылармен кездесіп, мектеп оқушыларының қысқы спорт түрімен шұғылдануы үшін мектепке 10 пар шаңғы мен 10 пар коньки сыйға тарту етті.

Орта мектептің жұмысымен танысқаннан кейін облыс әкімі Ерік Сұлтанов ауылдың дәрігерлік амбулаториясына да тоқталып, ондағы дәрігерлердің жұмысымен танысқан соң, Имантау ауылдық округінің әкімі Любовь Сердюктің тұрғындар алдындағы есепті кездесуіне қатысты.

Любовь Владимиров өткен жылдағы округтегі атқарылған жұмыстарды саралай келе, ауылды абаттандыру және жарықтандыру, халықты таза ауызсумен қамтамасыз етудегі бірқатар жұмыстарды тілге тиек етті.

Тұрғындар алдында есеп берген аудан әкімі Ағзам Тастеміров 2014 жылғы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы және 2015 жылға арналған ауданның басым бағыттары туралы айтып өтті.

— Есепті жылдың ішінде екінші жыл бойы ауданымызда Қазақстан Республикасының Президенті Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев іссапармен болды. Елбасы Солтүстік Қазақстан облысының агроқұрылымдары басшыларымен кездесуде барша солтүстікқазақстандықтардың, әсіресе агроөнеркәсіп кешенінің жұмыстарын жоғары бағалады, Президент экономиканың аграрлық секторының әрі қарай дамуы жөнінде міндеттер мен тапсырмалар берді.

Мықты, әрі гүлденген Қазақстан үшін Елбасы алдымызға қойған 2050 жылы 30 ең дамыған елем елдерінің қатарына кіру басты мақсатына тату отбасындай барша халық тырысады.

Біз де, айыртаулықтар, бұл бағдарламаны жүзеге асыруға айқын деректі істермен күн сайын жыл сайын еліміздің игілігі үшін үлестермізді қосудамыз.

Жыл сайын дәстүрге айналған тұрғындар алдында есеп беру кездесулер өткізіп, атқарылған жұмыстың қорытындысын тұжырымдап, болашаққа мақсаттар айқындап отырамыз.

Айыртау ауданында әлеуметтік экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштеріне жету бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп, 2014 жылдың қорытындысы бойынша біраз оң динамика байқалады — деді аудан әкімі.

Кездесу соңында сөз алған облыс әкімі Ерік Сұлтанов тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға да жауап берді. Сауалдардың басым бөлігі Имантау ауылы арқылы өтетін Еленовка - Арықбалық - Чистополье бағытындағы жолдың қашан жөнделетінін айтса, жазбаша жолданған сауалда Имантау ауылдық дәрігерлік амбулаториясындағы физикабинеттің құрылғыларының тозғаны жөнінде айтылды.

Осы жөнінде өңір басшысы: «Автомобиль жолдары бойынша аудандарыңызда әлі атқарылатын жұмыс көп. Былтырғы жылы Елбасы аудандарыңызға келгенде мен осы мәселені көтерген болатынымын. Жаңа технология бойынша жолдар салынады. Қазір дағдарыстың салдарынан бөлінетін қаражат көзі қысқарды. Сондықтан уақыт келгенде біз оны қалыпқа келтіретін боламыз» — десе, дәрігерлік амбулаторияға жаңа физиоқондырылармен жабдықтау мәселесі оң шешімін табатынын жеткізді.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

Әкім - әлеумет алдында

МАҚСАТ АЙҚЫН, МІНДЕТ ЗОР

Қаңтардың 22-і күні аудан әкімінің тұрғындар алдындағы кезекті есепті кездесуі Константиновка және Гусаковка ауылдық округтерінде жалғасын тапты. Осы кездесулерге Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Ринат Елжасов қатысты.

Есепті кездесуге дейін аудан әкімі Константиновка ауылындағы «Балапан» балабақшасында болып, мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу процесімен танысты. Сонан соң аудан басшысы ауылдағы фельдшерлік акушерлік пунктке де бас сұғып, денсаулық сақтау мекемесінің қызметкерлерімен жүздесті.

Округ тұрғындары назарына ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы бейнефильм көрсетілісімен Константиновка ауылдық округінің әкімі Самат Оспанов округ тұрғындары алдында өткен 2014 жылғы округтің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы және 2015 жылға арналған негізгі басым бағыттары туралы есеп берді.

Аталмыш округ тұрғындары алдында есеп берген аудан әкімі Ағзам Тастеміров өткен жылдың қорытындылары және 2015 жылдағы басым бағыттарына тоқталды.

Кездесуде аудан басшысы аталмыш округтегі атқарылып жатқан жұмыстарына оң бағасын бере келе, әлі шешімін таппай жатқан мәселелерді жоспарлы түрде шешу жолдарын қарастырып, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен бірлесе атқаруға шақырды. Округ тұрғындарынан көтерілген ұсыныстар мен ескертпелер дер кезінде шешімін тауып, оларға тиісті түсініктемелер берілді.

Тұрғындарды Еленовка-Арықбалық-Чистополье бағытындағы жолдың жағдайы алаңдатуда. Осы бағытта Ағзам Ахметжанұлы былтырғы жылы Арықбалық-Целинный аралығындағы жолдар жөндеуден өткізілгенін жеткізіп, былтырғы жылда осы бағыттағы жолдарды жөндеуге бюджеттен 125 млн. теңге қаражат бөлінгенін айтты. Сонымен қатар есепті кездесуде Құсбек ауылындағы «Исағали» ЖШС-і жұмысшылар алдындағы еңбекке қарыздары жайында, Ақанборлық ауылындағы электр желісінің қайта-қайта істен шыға беруі, Ақан орта мектебінде ғаламтордың жоқтығы тілге тиек етілді. Осы сауалдарды шешу үшін аудан басшысы тиісті мекемелерге арнайы тапсырмалар беріп, тұрғындар тарапынан көтерілген барлық мәселелерді өз бақылауына алды.

Осы күні түстен кейін Ағзам Ахметжанұлы Гусаковка ауылдық округінің

білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінде болып, олардың тыныс тіршілігімен танысты.

Кездесуде ең алдымен округ әкімі Есімжан Таласов Гусаковка ауылдық округінің өткен жылдың әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары мен алдағы жоспарларына шолу жасап өтсе, гусаковкалықтар алдында есеп берген аудан әкімі Ағзам Тастеміров өткен 2014 жылда аудандағы атқарылған жұмыстар жайында баяндай келе, былтырғы жылғы жоспарланған ауқымды жоспарлармен де бөлісті.

Билік пен халық арасындағы сұхбатта гусаковкалықтар тарапынан қысқы уақытта ауылшілік және Саумалкөл — Гусаковка бағытындағы жолдарды қардан тазартуды өтінсе, енді біреулері Арықбалық-Гусаковка бағытындағы жолардың жөндеуі жайында ұсыныс білдірді. Осы мәселелер аудан басшысының бақылауына алынып, тиісті органдар мен серіктестіктерге арнайы

Тестілеуді объективті және ұйымдасқан түрде өткізуді Білім және ғылым министрлігінен арнайы дайындалған өкілдер қамтамасыз етеді.

Барлық Ұлттық бірыңғай тестілеу өткізу пункттерінде жергілікті атқару органдары мен министрлік тарапынан сынақты табысты әрі жайлы тапсыруға қажетті жағдай жасалады.

Ұлттық бірыңғай тестілеу елімізде 2015 жылғы маусымның 1-і мен 15-і аралығында өтеді.

(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің сайтынан).



тапсырмалар берілді.

Келесі қаңтардың 23-і күні аудан әкімі Ағзам Тастеміровтің тұрғындар алдындағы кезекті есепті кездесуі Лобаново және Арықбалық ауылдық округтерінде жалғасты. Осы кездесулерге Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Ринат Елжасов, ауданның мемлекеттік мекемелері мен ұйымдарының басшылары қатысты.

Кездесу алдында аудан басшысы Лобаново ауыл шаруашылығы колледжінде және ауылдың денсаулық сақтау мекемесінде болды.

Округ тұрғындары назарына ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы жайында шағын бейнефильм көрсетілісімен Лобаново ауылдық округінің әкімі Еркебұлан Жайықовтың өткен 2014 жылғы округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы және алдағы жоспарлары жөніндегі баяндамасы тыңдалды.

Содан кейін аудан әкімі Ағзам Тастеміров аталмыш округтің тұрғындары алдында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және 2015 жылға арналған басым бағыттары жөнінде есеп берді.

Есепті баяндамасынан кейін Ағзам Ахметжанұлы Елбасы Жолдауларындағы нақты тапсырмаларды саралай келе, округ тұрғындары мен ауыл шаруашылығы тауарлары өндірушілерін мемлекеттік бағдарламаларға белсене қатынасуға шақырды.

Түстен кейін аудан әкімінің есепті кездесуі Арықбалық ауылдық округі тұрғындары алдында жалғасты.

Бұл округте де әкім Арықбалық ауылының білім беру және денсаулық сақтау нысандарында болып, ондағы мұғалімдер мен дәрігерлердің жағдайымен танысты.

Арықбалық ауылдық округінің әкімі Қалымтай Шарапов өткен жылдағы округтің атқарылған ауқымды жұмыстарын халыққа жеткізе, аудан басшысы өз есебінде 2014 жылда аудан бойынша атқарылған жұмыстарын қорытындылады.

Кездесу соңында Ағзам Ахметжанұлы арықбалықтықтарды ауылды абаттандыру мәселесіне шақырса, тұрғындар тарапынан Целинный, Баян ауылдарында ғаламтордың жоқтығы, округ аумағында ұялы телефон байланысының нашарлығы, Арықбалық ауылындағы ауыз судың сапасы, Арықбалық ауылы арқылы өтетін Нижний Борлық-Саумалкөл бағытындағы автобустың жүру кестесін қарастыру жөніндегі ұсыныстары көтерілді.

Аудан әкімі жоғарыдағы аталған ауыл тұрғындарының етініші тиісті органдармен қарастырылып, жақын арада шешімін табатынын жеткізді.

Қаңтардың 26-ы күні аудан басшысы Володар және Сырымбет ауылдық округтерінің тұрғындары алдында есеп берді. Есепті кездесуге Солтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Мәриям Бопанова қатысты.

Аудандық Ақан сері атындағы Мәдениет үйінде өткен есепті кездесуде округ әкімі Ерлан Сәдуақасов округ бойынша өткен жылдағы атқарылған жұмыстарды саралап өтсе, Ағзам Ахметжанұлы володарлықтарға 2014 жылдың ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы мен алдағы жоспарлары басымды бағыттары жөнінде баяндама жасады.

Есепті кездесуді қорытындылаған аудан әкімі Ағзам Тастеміров өткен жылдың 11 қарашадағы Елбасының «Нұрлы Жол — болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы басым бағыттарды жүзеге асыруда барлық айыртаулықтармен бірге Володар ауылдық округінің тұрғындары да өз үлестерін қосады деген сенімін білдірді.

Осы күні түстен кейін аудан басшысының есепті кездесуі Сырымбет ауылдық округінде өтті.

Кездесу алдында Ағзам Ахметжанұлы Сырымбет ауылындағы ауылдық дәрігерлік амбулаторияда және Сырымбет орта мектебінде болды.

Есепті кездесуде ауылдық округтің әкімі Дулат Сүлейменов өз округі бойынша өткен жылда атқарылған жұмыстарын халыққа баян етсе, аудан әкімі сырымбеттіктер алдында аудан бойынша 2014 жылда атқарылған жұмыстарды қорытындылап, былтырғы жылдың жоспарларымен бөлісті.

Есепті кездесу соңында аудан басшысы барша сырымбеттіктерге былтырғы жылда барлық бастамаларына сәттілік тіледі.

Қаңтардың 27-і күні аудан әкімі Ағзам Тастеміровтің тұрғындар алдындағы кезекті есепті кездесуі Нижнеборлық ауылдық округінде жалғасты. Кездесуге Солтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Мәриям Бопанова, ауданның бірқатар мемлекеттік мекемелері мен ұйымдарының басшылары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Округте болған аудан басшысы ең алдымен ауылдағы білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінде болып, олардың жағдайларымен танысты.

Нижнеборлық ауылдық округі тұрғындары алдында есеп берген аудан басшысы 2014 жылдағы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына кеңінен тоқтала келе, былтырғы жылдағы ауқымды бағыттарды саралап берді.

Жыл сайынғы Елбасы Жарлығына орай барлық деңгейдегі әкімдердің халық алдында атқарылған жұмыстары туралы және алдағы жоспарлары жайлы есепті кездесулері — бұл халық пен билік өкілдерінің ашық сұхбаты. Осындай ашық сұхбатта атқарылған жұмыстарға баға беріліп, тұрғындар өздерінің көңілдегі мәселелерін шешу жолдарын саралайды. Және де халықпен бірлесе алдағы кезеңдердегі атқарылар жұмыстар жоспарланып, оның жүзеге асырылулары бақылауға алынады.

Осындай ашық кездесуде аудан басшысы тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің оң шешімін табатынын жеткізді.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.
Суретті түсірген автор.

Жас түлек - 2015

ҰБТ-ның форматы өзгермейді

Биыл Ұлттық бірыңғай тестілеуге еліміз бойынша 100 мыңнан астам түлек қатысады деп күтілуде. Ұлттық бірыңғай тестілеу қазақ және орыс тілдерінде оқитын оқушылар үшін мына бес пән бойынша өткізіледі: қазақ тілі (орыс тілінде оқытылатын мектептерде), орыс тілі (қазақ тілінде оқытылатын мектептерде), математика, Қазақстан тарихы

және таңдау бойынша пән (таңдалған мамандық бойынша, шығармашылық мамандықтарға таңдау пәні — ерікті).

Әрбір пән бойынша тест тапсырмаларының саны — 25. Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізуге үш жарым астрономиялық сағат (210 минут) беріледі. Ұлттық бірыңғай тестілеуді қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы - 2020»

КӘСІПКЕРЛІК БАСТАМАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

2013 жылы Елбасының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметімен «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы қабылданған болатын, аталмыш құжат алдында қабылданған «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасының жетілдірілген баламасына айналды.

«ЖҚЖК-2020» ең бірінші кезекте қазақстандық еңбек нарығының тиімділігін арттыруға, тұрғылықты жері бойынша өз ісін ашуда және кеңейтуде оқытуға, жұмысқа орналастыруға, ықпал етуге, мұндай жағдайлар болмаса төмен экономикалық әлеуетті елді мекендерден жоғары экономикалық әлеуетті елді мекендерге және экономикалық өсу орталықтарына ерікті түрде көшуге ықпал етуге бағытталған.

Ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыспен қамтамасыз ету «ЖҚЖК-2020» екінші жұмыс бағыты.

Бағдарламаның екінші бағыты ауылдағы жеке кәсіпкерлік бастаманы қолдауды қарастырады. Аталмыш шаралар аясында өз ісін құру немесе дамыту бойынша ауылдықтардың бастамасын нақты қолдау жүзеге асырылып, «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасында іске асырылған шағын несиелеу механизмі ұсынылады. Бұл: 3 млн. теңгеге дейін шағын несие беру, инжнерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жетіспейтін нысандарын дамыту және/немесе салу, сервистік қызмет көрсетулер ұсыну.

Шағын несиелеу бойынша тәжірибе жалғастырылуда. Соңғы қарыз алушы үшін марапаттау мөлшерлемесі 6% аспайды.

Кәсіпкерлікті ынталандыру өз ісін ұйымдастыру немесе кеңейту арқылы азаматтардың экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған. Бағдарламаның атамш бағытына өз істерін ұйымдастыруға немесе кеңейтуге тілек білдірген және мүмкіндіктері бар өзіндік жұмыспен қамтылған жұмыссыз, азамтылған Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар қатыса алады.

Қатысудың басымды құқығы ауыл тұрғындары мен өз істерін ұйымдастырғысы немесе кеңейткісі келген әйелдерге беріледі.

Аталмыш бағыт аясында мемлекеттік қолдаудың келесі түрлері көрсетіледі: кеңестік қызметтер ұсыну, материалдық көмек ұсына отырып кәсіпкерлік негіздеріне тегін оқуға жіберу, жетіспейтін инж-нерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту.

Бағдарламаның аталмыш бағытында өз бетінше жұмыспен қамтылған жұмыссыз, аз табыспен қамтылған Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандардың қатысу мен мемлекеттік қолдау ұсынудың шарттары жұмыспен қамтдың белсенді шараларына қатысушы тұлғаларға кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік қолдауын ұйымдастыру мен қаржыландырудың Ережелерінде қарастырылған.

Сонымен, егер сіз бағдарламаның қатысушысы болуды ұйғарсаңыз және сіздің жеке кәсіпкерлік бастамаңызға қолдау қажет болса тұрғындарды жұмыспен қамту орталығына келіңіз. Бұл жерде сізге бағдарлама аясында шағын несиеің алудың мүмкін болар жағдайлары туралы кеңес береді. Құжаттарды тапсырғаннан кейін сіз бағдарламаның қатысушысына сай келсеңіз, сізді сервистік қызмет көрсетулер жөніндегі ұйымға жібереді. Ол жерде сізді кәсіпкерлік негіздеріне тегін оқытады, бизнес-жоспарды жасауға көмек береді. Бағдарламаға қатысушы өз ісін ашқан кезде ауыл тұрғындарынан жалдамалы жұмысшыларды алуға міндетті, осының арқасында қосымша жұмыс орындары құрылады. Сонымен қатар 2015 жылы «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы аясында қысқа несиелер беру қаралды.

Қысқа несиелер алу үміткерлері селолық округ әкімі ұсынысымен жергілікті бірлестік жиынында халықтың жұмыссыздар, аз табыспен қамтылған (адрестік әлеуметтік көмек және мемлекеттік балалар жәрдемақысын алуға еңбекке қарамды) және өз бетінше жұмыспен қамтылған дар қатарынан іріктеледі.

Жергілікті тұрғындар есебінен жергілікті бірлестік жиынында мақұлданған үміткерлер тізімі селолық (кеңт) округінің әкімі қолдаухатымен халықты жұмыспен қамту орталығына ұсынылады.

Қысқа несие алу үміткерлері халықты жұмыспен қамту орталығына келесі құжаттар қосымшасымен өтініш береді:

Жеке тұлға екенін растайтын құжат көшірмесі;

Өз ісін құруға арналған бизнес – жоспары.

Қысқа несие өз ісін ұйымдастыруға беріледі.

Қысқа несиелеудің басымдық бағыты құс, ұсақ қара мал сатып алу, халықтық қолөнер дамуы, тез арада орнын толтыратын қызметтер болып табылады.

Қысқа несие жас негізінде қаржылық агенттік статусы бар уәкілетті аймақтық ұйымға келіп ұсынған уақытта беріледі; келіпдікке талапты қаржылық агенттік статусы бар уәкілетті аймақтық ұйымның ішкі саясаты анықтайды;шағын және қысқа несие тұтыну мақсатына, бұдан бұрынғы қарыздарды жабуға және жылжымайтын мүлік алуға, сонымен бірге сауда қызметі саласын жүзеге асыруға берілмейді; қысқа несиелеу уақыты – үш жылдан аспайды; қысқа несиенің ең жоғарғысы – бес жүз мың теңгеден аспайды; соңғы қарыз алушыға, қаржылық агенттік статусы бар уәкілетті аймақтық ұйым қысқа несиелеу бойынша негізгі қарызды төлеу мерзіміне қысқа несиелеу уақытымен жалғасатын алты айдан аспайтын жеңілдік кезең береді; қаржылық агенттік статусы бар уәкілетті аймақтық ұйым, аймақтық комиссия келісімі бойынша қысқа несиелеудің соңғы қарыз алу үшін марапаттау мөлшерлемесі 5% аспайды.

Қаржылық статусы бар уәкілеті айматық ұйым арқылы қысқа несие алуға ниет білдірген жергілікті бірлестік жиынында мақұлданған үміткерлер болған жағдай жұмыспен қамту орталығы ұсынылған өтініш пен құжаттарды сөйкесінше:

1) кәсіпкерлікті дамыту қатарсы (немесе аймақтағы кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған басым бағыттармен);

2) тірек ауылдың мастер - жоспарымен және қаржылық статусы бар уәкілетті аймақтық ұйым жіберуімен қарайды.

Кәсіпкерлікті дамытуға арналған шағын және қысқа несие алған Бағдарлама қатысушылары салық заңнамасы негізіне сәйкес салық органында тіркеуден өту керек.

Үстіміздегі жылы ауыл кәсіпкерлеріне 108 млн. теңге көлемінде шағын несие беру, кәсіпкерлік негіздеріне 44 бағдарламаға қатысушыны оқыту жоспарланған. Бұл бізге ауыл кәсіпкерлігін дамыту саласында жағымды ілгерілеушіліктерге үміт артуымызға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы тауарларына деген жоғары және тұрақты сұраныс «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы арқылы өз ісін ашу жолымен лайықты табыс табуға нақты мүмкіндік береді. Тек қана «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы ұсынған мүмкіндікті пайдалана отырып, оны жүзеге асыруға тырысу керек.

Тұрғынбек БЕЙСЕМБАЕВ,
«СҚО Айыртау ауданының жұмыспен қамту орталығы»
КММ-нің маманы.

Қоғам және заң

Жемқорлықтан қалай құтыламыз?

Жемқорлықтың белгілерін барлық елдерден байқауға болады, бірақ олар оған қарсы күресті ешқашан тоқтатпайды. Мысалы, жемқорлықпен күресті Германия бұдан жүздеген жыл бұрын бастапты. Әлемдік рейтинг бойынша, жемқорлықты толықтай жайлаған Судан, Нигерия, Түркіменстан сияқты елдердің қатарында, ең төменгі сатыларда Қазақстан тұр. «Қазақстан-2050» Стратегиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Жемқорлық - бұл құқық бұзушылық қана емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне сенімді жоғалтады және ұлттың қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіреді» - деп ашып көрсетті. Сыбайлас жемқорлықпен бүкіл құқық қорғау органдары күресіп жатыр.

Бірақ, тиылатын түрі жоқ, қайта парамен ұсталғандардың қатары көбейген сайын коррупциялық элементтер түрленіп, сыбайлас жемқорлықтың барлық саланы жайлағанын көреміз. Кейінгі кезде еліміздегі жаппай етек алған жемқорлықты толықтай жою үшін пара алушыны ма, жоқ пара берушіні жазалау керек пе, деген сұрақ туындайды.

* * *

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІКТІҢ ДАМУЫ

Адамзаттың даму тарихындағы барлық кезеңдерде жазушылар, ақындар, суретшілер, ғалымдар еңбектерінің жемісі адамзат пен қоғамның рухани байлығының негізі болатын. Нарықтық экономика жағдайында әдебиет, көркем өнер және ғылым туындылары сияқты шығармашылық қызмет нәтижелері, адам мен қоғамның рухани өмірінің негізін құрап, оның даму деңгейінің көрсеткіші ретінде қалыптасып қана қоймай, нарықтық қатынастарда тауардың ерекше түрі нысанындағы тауар айналымының объектісі ретінде қалыптасты.

Заманның объективті үрдістері, ең алдымен ғылыми-техникалық прогресстің қарқынды дамуы, рухани игіліктер жаратушыларына ғана емес, сонымен қатар тұтынушыларға жаңа көкжиектерді ашуда.

Серік ӘЛЖАНОВ,

СҚО Айыртау ауданы әділет басқармасының бас маманы.

Бұл - біздің тарих

АНАМ СҮЙЕТІН ӘН

Өнердің құндылығы – оның мәңгілігінде.
С.Мәмбеев.

Ата-анасы «Ақжігіт» деп атын қойған Ақан Қорамсаұлы 1843 жылы Көкшетау облысы Айыртау ауданына қарасты Қоскөл деген жерде дүниеге келген (қазір Солтүстік Қазақстан облысы-на жатады). Балалық шағы Көкшетау төңірегінде, Сырымбет саласында өткен. Ақанды әкесі жастайынан медресеге оқуға береді. Дін мектебінде жазуды үйретпейтін. Алайда болашақ ақын жазу-сызуға әуес болып, өзінің замандастарына өлең шығарып, ақындық өнері бар екенін байқатады. 14 жасында ауыл молласымен араздасып, оқуын тастап кетеді. Ол ерте ер жетіп, ит жүгіртіп, құс салып, әншілік, жігітшілік жолына түсіп, салдық құрады. Ел Ақанға «Сері» деген атақ беріп, құрметтейді. Құсбегі, тазшыл, атшыл Ақан жүйрік тазы, алғыр қыран ұстайды. Итіне-Базарәлі, құсына-Қараторғай деген аттар береді. Кейін, Құлагер деген, аты аңызға айналған жүйрік атқа ие болады. Алдына мал салмаған Құлагер өзге елде «Көкшетаудың дүлдiлі» атанады. Ереймен жерінде Нұрмағанбет деген бай әкесі Сағынайға ас бергенде, үш жүзден жиналған 323 ат бәйгеге қосылады. Бөрінің алдында келе жатқан Құлагерді, өштесіп жүрген қарсыластары соққыға жығып өлтіреді. Ақан сері Құлагер өлгеннен кейін ауыр қайғыға ұшырайды. Баласымен екеуі тау кезіп, иесіз даланы жайлап, өзгеден оқшау өмір сүреді. Даланы күңіретіп ән салып, өлең айтады. Өмірінің ақырына дейін тау-тасты тебіrentкен әдемі әні мен әсем өлеңінен қол үзбейді. Сөйтіп жүріп, Ақан 1913 жылы қайтыс болады.

Жас кезінен-ақ оның лирикалы, жан тебіrentкен үні мен сазы тыңдаушыларын тамсандырған «Сырымбет», «Балқадиша», Маңмаңкер», «Құлагер» және т.б. тамаша әндерін білмейтін, сүйсіне тыңдамайтын адам жоқ. Көшпенділер мәдениетінің тұғыры дала болса, сол мәдениеттің бір биік шыңы Ақан сері әндерінің кеңістігі-кең даладан, көріктілігі Көкшеден деуге әбден болады.

Ақанның Әлібек батырдан алған Қараторғай атты бүркіті қартайып, қанаты бүтін болғанмен құйрығының қауырсындары сиреп, жерге жақындағанда біраз уақыт қона алмайтын болған. Халықтың «Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады» деудің мәні осында болса керек. Қараторғай шырылдап, қонауға қорқып, әбден шаршап

Жанында жүр жақсылар

Әке көрген оқ жонар

Менің бүгінгі кейіпкерім - атақты Ақан серінің ауылы Кеңашының тумасы, бүгінде Айыртау ауданының орталығы Саумалкөлде тұратын кәсіпкер азамат Қапез Жамалиұлы Ақмолдин.

Бала кезіміз, ауылда көршіміз Құрмаш ағай мен Мария жеңгйдің үйінде бір қонақ бала ойнап жүрді. Бұл кім деп сурасак, үлкендер: Ол Абдрахметтің Жамали асырап алған баласы Қапез ғой дегені. Олар туған баласы – бауыр етін неге басқаға береді екен деп ержеткен соң кейін түсіндім. Бұл да ата-бабамыздың ағайын арасын жақындастыру үшін жасаған адамгершілігі екен ғой. Жамали атайда кіндігінен шыққан бала болмаған соң, Абекең жездеміз үшінші ұлын ағасына берген ғой. Үлкені Төлеген марқұм, иманды болсын. Екінші ұлы Қадес, қазір зейнеткер. Қатарынан туған үш ұлға көз тиеді деуі де мүмкін. Алпа жарылқап, көп ұзамай жездеміздің көпейі Амангелді дүниеге келді.

Апайымыз Мәрмәр елге сыйлы, діндар адам болды. Ағажан деп атаушы едік. Сол Қапезіміз екі атаның аманатын арқалап өсті. Жамали атай Қапезді тәрбиелеп өсірді, оқытты, үйлендіріп нөмере сүйді. Тең құрбысының алды болды.

Жамали атай туралы елімізге белгілі қарт журналист, жерлесіміз Сарбас Ақтаев ағай өзінің «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында:

–Біздің ауылдың қасынан екі жарым шақырым жерде Көкшетаудан Қостанайға қатынайтын қасқа жол өтеді. Ол кезде көбіне ат көлікпен ғана жүреді. Кейде өгіз жегіп те қатынайды. Қолаушылардың дені біздің ауылға соқпай кетпейтін. Ауылға келгендердің біразы, біздің үйге түсетін. Шай үстінде әңгіме-дүкен құрады. Ел жер тануға сол әңгімелердің де әсері болды. Әлі есімде, Жамали деген Кеңашы ауылының қазағы шебер етікші еді. Сол соғысқа бір аяғын беріп келді. Жолда біздің үйге соғып қонғаны бар. Сонда айттады «Бұл Құдайдың тілеуімді бергені шығар. Етікші адамның қолынан айырылғанда не болатын еді? Он екі мүшесінің біреуінен айырылып отырып, соның өзіне шүкіршілік етеді жарықтық. Осы үлкендердің өңгелі сөздері, өмір жолдары зердемде жастайынан шегеленіп қалды», - деп жазады.

Міне, менің Қапез Жамалиұлы бауырым, жан жары Күлпәш Хамзақызы екеуі, ата ұлагатын, өнегесін көріп



барып жерге құлайды екен. Міне осы аянышты сәттерді көрген Ақан құсына арнап «Қараторғай» әнін шығарған екен

Менің балалық шағымнан есімде қалғаны, осы әнді анам Күлшара Әділқызы жақсы көретін және нақышына келтіріп, өте әдемі шықайтын еді.

2010 жыл. Шоқан Уәлихановтың туғанына 175 жыл толуына байланысты Павлодар қаласындағы Н. Г. Шафердің музей-үйінде қала жұртшылығымен менің шығармашылық кездесуімді өткізетін болды. Бұл мезейде 100 мыңнан астам музыкалық пластинкалар, кассеталар, магнитофон ленталары коллекциясы жинақталған. Кітап коллекциясы 20 мың болса, картотекалардың саны 500 мыңнан асады. Кездесуге дайындық кезінде Наум Григорьевич менен кездесу барысында қандай музыкалық сүйемелдеу қалайтынымды сұрады. Мен, көп ойланбастан Ақан серінің «Сырымбеті» дедім. Белгіленген күні жоғарғы оқу орындарының студенттері, көркемсурет мектептерінің оқушылары мен ұстаздар қауымы жиналған залда Наум Григорьевич – сіздің сұрауыңызбен «Сырымбет»-деп, үлкен қара қуйтабақты ойнатуға қойды. Кездесу соңында қуйтабақты қолыма алып қарасам, «Сырымбет», «Қараторғай» - қазақтың халық әндері деп жазылған. Қуйтабақ 1938 жылы Ташкентте шыққан екен. Әндерді орындау-

шылар Қ. Қамбаров және Ұ. Жұмағұлов, домбырада сүйемелдеген Ж. Елебеков деген жазуы бар. Бұл әндер Ақан серінің деп, картотекаларға түзетулер енгіздік. Шоқанның інісі Сақып-Керей (Қозыке) халық арасында өзінің тамаша әндерімен белгілі. Ақын және композитор, ол өзінің аз өмірінде Ақан серімен жақын дос болған. Олар екеуі бірлесіп әндер шығарған. Көбірек белгілі болғандары - «Сырымбет», «Топайкөк», «Ай көкек» және т.б. «Көкенің аманаты» атты әнді ағасы Шоқанға арнап шығарған екен.

Мағжан Жұмабаев: «Ұшы-қиыры жоқ сары дариядай, Сарыарқаның ортасында аралдай көгерген Көкшетау, Абылайдың ордасы құрылған Кеңесары, Наурызбайға отан болған Көкшетау алаштың ақындығының да ордасындай жер еді. Алты алашқа аттары шыққан, кең сабаның қорындай, Бертағының баласы Орынбай, екі аяқты адамның ділмәрі, ұлы тілді Шөже, Тойлыбай бидің ұлы Арыстан үні зарлы Атығай, соқыр Тоқжан, терең ойлы Атығай-шал аспанға өрлеп ән шырқайтын Біржан сал, өмірі ертегідей әдемі Ақан сері. Осылардың бәрі сол күңіренген Көкшенің маңайында туып-өскен ақындар. Бұл ақындардың ішінде адамның іскерлігін алдымен өзіне аударатыны-Ақан сері» - деген екен.

Еркін ТАҚЫРБАСОВ,
ҚР білім беру ісінің үздігі, ҚР жур-
налистер Одағының мүшесі,
Павлодар қаласы.



қанағаттанады. Екеуі де Көкшетау педагогикалық институтын бітіріп физика-математика пәндерінен дәріс берді. Қапез ұзақ уақыт Саумалкөлде он жылдық мектептің директоры болып жемісті еңбек етті. Әке көрген оқ жонады деген ғой. Еңбек демалысына шыққан соң заман талабына сай кәсіпкерлікпен айналысты. Ауданымызда пимакат ашып, туған анасының атында «Мәрмәр» атты азық-түлік дүкенің машина жөндеу орталығын халық игілігіне айналдырды. Сол арқылы қаншама адамды еңбекпен қамтыды. Қолдары ашық, жұмысшылары жалақысын уақытымен алып тұрады. Пималары үлкен сұранысқа ие. Шалғайдағы ауылдардан келіп, Қапездің дүкенін іздеген ағайындар көрегін алып, ризашылығын білдіріп жүреді.

Пима басу айтуға ғана оңай, көп қиындық ізденіспен ғана өрге басатын жұмыс.

Қапез бауырыма, жиеніме ризамын. Бүлгік жеті қырдан асқан ата-әжелерге ұлгі көрсетіп, имандылық жолына бет бұрып, намаз оқып сәждеге басын тигізуді өзі үшін өтеген парызы болса да, ерлікпен пара-пар, жасыратыны жоқ, арамызда «ақанды» сілтеп, не жас не кәрі бола алмай жүрген ата-әжелер баршылық. Бір жаратушының барына сеніп, тәубеден жаңылмай, адамдықтан адаспай жүру жөніндегі өкениң үлгісі, ананың аяулы алақаны, дәулеттің бітуі адал еңбекке тәуелді болатынын айтып, оны өзінің

нақты ісімен көрсетіп отыруы Қапез бен Күлпәштің сәталарына сара жол көрсетті.

Ұлдары: Бота, Расул, Ұлан Көкшетау қаласында әртүрлі салада кәсіпкер. Расул жуырда Америкаға 10 күндік іс сапармен барып келіп, әке-шешесін қуантты. Ұлы Даниярдың үйленуі де әулетімізге қуаныш сыйлады. Жастар бекітпей болсын. Еркін Саумалкөлде аяқ-киім дүкенін және қауалқа керек көмір жасайтын «Көмір цехын» ашты. Ол да жоғары сұранысқа ие. Қапез бен Күлпәштің жалғыз қыздары Алмағұл жоғары білімді юрист. Саумалкөлде «Ақтоқты» қонақ үйінде жекеменшік кеңсесі бар. «Еңбек түбі - береке» - деп бекер айтылмаған.

Қапез бен Күлпәш жаңа заманға сай ұл мен қыз тәрбиелей алды. Сен де бір кірпіш дүниеге, дегендей әр қайсысы өмірден өз орнын тауып, халыққа қызмет етіп жүр.

Бес-алты баладан он шақты нөмере сүйіп, солардан шеберенің алдын әлдилеп отырған абзал жандар.

Асып тасымай, еңбекпен есейген Қапез бауырыма жетпісің желкенді, еңбегің жемісті болсын демекпін.

Газет оқырмандарына, жерлестеріме Жаңа жыл құт-береке жылы болсын, еңбектеріңіз жемісті болсын деп тілек білдіремін. Еліміз аман, еңсеміз биік болсын!

Бақыт ӘБДІЛМАНОВА,
зейнеткер.
Саумалкөл ауылы.

Айыртау аудандық мәслихатының XXXIV кезекті сессиясының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №5-34-4 шешімі

«Айыртау ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары туралы» Айыртау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 қаңтардағы № 5-22-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. «Айыртау ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары туралы» Айыртау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 қаңтардағы № 5-22-1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2570 тіркелген, 2014 жылғы 6 наурызда «Айыртау таңы» газетінде, 2014 жылғы 6 наурызда «Айыртауские зори» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Айыртау ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында (бұдан әрі- Қағидалар): көрсетілген Қағидалардың 2-тармағы 3

тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын: «3) ең төмен күнкөріс деңгейі – облыстағы статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, айына бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;»;

көрсетілген Қағидалардың 5-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«5. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ көмек алушылар санаттарының әлеуметтік көмек еселігі мен мөлшері осы Қағидалардың 1 қосымшасына сәйкес белгіленеді.

Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек, осы Қағидалардың 1 қосымшасында көрсетілген санаттарының бірімен көрсетіледі.»;

көрсетілген Қағидалардың 6-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«6. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда аталған оқиға болған күнінен бастап алты айдан көшіктірмей өтініш білдірсе зардап шеккен азаматқа

(отбасына) 25 айлық есептік көрсеткіштен артық емес мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Азаматтарды өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелердің түпкілікті тізбесі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) облыстағы статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша 1,5 ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы;

4) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің, сондай ақ жеңілдіктер мен көпілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалардың тісті протездеуге табысты есепке алмағанда, тіс протездеуге лицензиясы бар медициналық ұйымдармен

жүзеге асырылатын, тіс протездеудің құны көлемінде ұсынылатын шот-фактураға сәйкес (қымбат металдардан, металлокерамика, металлоакрилл протездерінен басқа) жылына бір рет мұқтаждығы;

5) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің және оларға теңестірілген тұлғалардың санаторлық-курорттық емделуге табысты есепке алмағанда жолдама құнының мөлшерінде жылына бір рет мұқтаждығы;

6) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің коммуналдық қызмет шығындарын өтеуге және отын сатып алу үшін 24 (жиырма төрт) айлық есептік көрсеткіші мөлшерінде табысты есепке алмағанда жылына бір рет мұқтаждығы;

7) туберкулездің белсенді түрімен ауыратын адамдардың денсаулық сақтау мекемесінен анықтама көрсетуі бойынша 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде табысты есепке алмағанда жылына бір рет мұқтаждығы.

Арнайы комиссия әлеуметтік көмек

көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.»;

көрсетілген Қағидалардың 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Н. ЕРЕМЕНКО,
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының XXXIV кезекті сессиясының төрайымы
Р. ТЛЕУБАЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының хатшысы

Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылдың 27 қаңтарында № 3081 тіркелген, Айыртау ауданының мәслихат аппаратының maslihat-airtau.sko.kz. сайтында жарияланған.

Солтүстік Қазақстан облысы 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 5-34-4 шешіміне қосымша Айыртау ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына 1-қосымша

Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ алушылардың санаттары шегінде әлеуметтік көмектің еселігі және мөлшері

Реттік нөмірі	Алушылар санаты	Әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі және мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
	Ауған аумағынан әскерді шығару күні - 15 ақпан	
1	Бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер.	Жылына 1 рет, 15
2	Бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа да уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер.	Жылына 1 рет, 15
3	Басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер.	Жылына 1 рет, 15
4	Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы.	Жылына 1 рет, 15
5	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқада мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер.	Жылына 1 рет, 15
6	Бұрынғы КСР Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауғанстанда уақытша болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына еңбеген жұмысшылары мен қызметшілері.	Жылына 1 рет, 15
	Халықаралық әйелдер күні - 8 наурыз	
1	«Алтын алқамен», «Күміс алқамен», I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталаған немесе бұрын «Ардақты ана» атағын алған көп балалы аналар.	Жылына 1 рет, 5
	Чернобыль атом электро стансасындағы апатты еске алу күні - 26 сәуір	
1	1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық аппарат мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар.	Жылына 1 рет, 15
2	Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық аппарат мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сөуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары.	Жылына 1 рет, 15
3	Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық аппарат мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы.	Жылына 1 рет, 15
4	Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық аппарат мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сөуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасы.	Жылына 1 рет, 15
5	1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда.	Жылына 1 рет, 15
	Жеңіс күні - 9 мамыр	
1	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері.	Жылына 1 рет, 50 (2015 жылдың 9 мамырын қоспағанда) Жылына 1 рет, 5
2	Қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткөрген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары.	
3	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткөрген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген қалаларда болған адамдар.	Жылына 1 рет, 5
4	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрмында полк баласы (тәрбиеленуші) және теңізші бала ретінде болғандар.	Жылына 1 рет, 5
5	Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар.	Жылына 1 рет, 5

6	Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссриаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз және жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери кәсіпшілік жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері.	5 Жылына 1 рет,
7	Қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен әрі «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған азаматтар.	Жылына 1 рет, 5
8	Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы көмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары.	Жылына 1 рет, 5
9	Әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар.	Жылына 1 рет, 5
10	1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украин ССР-і, Беларусь ССР-і, Литва ССР-і, Латыш ССР-і, Эстон ССР-і аумақтарында қимыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндетін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар.	Жылына 1 рет, 5
11	Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасы.	Жылына 1 рет, 5
12	Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы көлетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері).	Жылына 1 рет, 5
13	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қаржылы еңбек және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар.	Жылына 1 рет, 5 (2015 жылдың 9 мамырын қоспағанда)
	2015 жыл 9 мамыр – Жеңіс күні	
1	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері	Жылына 1 рет, 100
2	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбекі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар.	Жылына 1 рет, 25
	Отанды қорғау күні - 7 мамыр	
1	Бұрынғы КСР Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндетін өтеу жыындарына шақырылған қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасы.	Жылына 1 рет, 5
2	Бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы.	Жылына 1 рет, 5
	Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні – 31 мамыр	
1	Бұрынғы КСР Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіннен тікелей зардап шеккен және қазіргі кезде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдар.	Жылына 1 рет, 15
2	Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі жағдайларда танылады: а) бұрынғы КСР Одағынан тысқары жерлерде қуғын-сүргіндерді кеңес соттары мен басқа да органдардың қолдануы; б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы; в) Қазақстаннан тысқары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін қуғын-сүргіндердің қолдануы; г) қуғын-сүргіндерді орталық одақтақ органдар: КСРО Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, СКРО Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, КСРО Ішкі істер министрлігі жанындағы айрықша кеңестің , КСРО Прокуратурасы мен КСРО ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Істері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы; д) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, қуғын-сүргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады.	Жылына 1 рет, 15
3	КСР Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжатары негізінде Қазақстанға және Қазақстаннан күштеу арқалы құқыққа қарсы қоныс аударуға ұшыраған адамдар да танылады	Жылына 1 рет, 3
4	Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары танылады.	
	Қазақстан Республикасының Конституциясы күні – 30 тамыз	
1	Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесі бар зейнеткерлер, облыстың, қаланың (ауданның) құрметті азаматтары.	Жылына 1 рет, 10

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 574 қаулысы

Айыртау ауданы аумағында қоғамдық
тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын
азаматтарды көтермелеудің кейбір
мәселелері туралы

«Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Қоса берілген Айыртау ауданы аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу қағидасы бекітілсін.
- Қосымшаға сәйкес Айыртау ауданы аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен мөлшерлері айқындалсын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Айыртау ауданы әкімі аппара-тының басшысына жүктелсін.
- Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. ТАСТЕМИРОВ, аудан әкімі.

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы
Солтүстік Қазақстан облысының
Ішкі істер департаменті
Айыртау ауданының ішкі істер бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы
А. Дірісов
2014 жыл «__» _____

нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2015 жылғы 23 қаңтарда № 3078 тіркелген

Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы
« 15 » желтоқсандағы № 574 қаулысымен бекітілген

Айыртау ауданы аумағында қоғамдық
тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын
азаматтарды көтермелеу қағидасы

Осы Қағида Айыртау ауданы аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу тәртібін анықтайды.

- Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды.
- Қоғамдық тәртіпті сақтауға белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынысты (қолдау хат) Комиссияның қарауын «Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Айыртау ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - АІІБ) енгізеді.
- Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.
- Көтермелеу түрің, оның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерің, көтерме-ленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.
- Ақшалай сыйақыны төлеу және құнды сыйлықты алу үшін Комиссия қабылдаған шешімге сәйкес АІІБ бастығының қосымша бұйрығы шығарылады.
- АІІБ ақшалай сыйақыны төлеуді және бағалы сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен Солтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті 252 003 «Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелеу» бюджеттік бағдарламасымен жүргізеді.
- Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Айыртау ауданы әкімінің Құрмет грамотасын, Айыртау ауданы әкімінің Алғыс хаттарын, ақшалай сыйақы, бағалы сыйлықтар беруді АІІБ салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

Айыртау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы
«15» желтоқсандағы № 574 қаулысына қосымша

Айыртау ауданы аумағында қоғамдық
тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын
азаматтарды көтермелеудің
түрлері мен мөлшерлері

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ
азаматтарды қабылдау кестесі

Азаматтарды қабылдауды бөлім басшысы **Гүлнәр Ділдәбекқызы Өтеулина** жүргізеді. Қабылдау апта сайын әр бейсенбіде сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін аудандық Мәдениет үйінде (2 қабатта) жүргізіледі. Мекенжайы: Саумалкөл селосы, Ақан сері көшесі, 31.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінде **21-360** нөмірлі сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы Сіз өзіңізге қатысты лауазымды тұлғалардың ынтасыз қарауың, күш көрсетіп мәжбүрлеу және басқа жемқорлық іс-әрекеттер туралы хабарлай аласыз. Ақпарат құпиялылығы сақталады.

* * *

2015 жылдың I тоқсанына «Солтүстік Қазақстан
облысы Айыртау ауданының жер қатыныстары
бөлімі» ММ-де азаматтарды жеке мәселелері
бойынша қабылдау кестесі

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының жер қатыныстары бөлімі» ММ-ң бөлім басшысы **Нұрлан Мейрамұлы Төребеков** - әр аптаның жұма күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды.

Мекен жайы: Саумалкөл с., Ш.Уәлиханов көшесі, 42 Байланыс телефондары: 22-805, 21-723.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының жер қатыныстары бөлімі» ММ-де 8(715-33) 22-085 сенім телефоны қызмет етеді.

Осы телефон арқылы Сіз аудан тұрғындары, ауданның мемлекеттік қызметкерлерімен қылмыс жасау фактілерің, құқықбұзушылықтарын және Ар-намыс Кодексінің талаптарын сақтамаулары туралы қоңырау шалып хабарлай аласыз.

Ақпарат құпиялы сақталады.

Айыртау таңы

«Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының Саяси бюросы мен Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ардагерлер кеңесі Президиумының 2015 жылғы 8 қаңтардағы №1/2 қаулысы

«Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалы жастар
қанатының жасотандық (волонтерлік, тимуровшы) жасақтары мен «Жас Ұлан» жасақтарының 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70-жылдығына арналған байқау-конкурсын өткізу туралы

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70-жылдығына дайындалуға және өткізуге сәйкес, соғыс және еңбек ардагерлерінің материалдық және тұрмыстық жағдайларын жақсартуға көмек көрсету, жастарда ардагерлердің жауынгерлік және еңбек даңқына деген құрмет сезімін тәрбиелеу мақсатында «Нұр Отан» партиясы филиалының Саяси кеңесі бюросы мен Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ардагерлер кеңесі Президиумы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2015 жылы «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалы жастар қанатының жасотандық (волонтерлік, тимуровшы) жасақтары мен «Жас Ұлан» жасақтарының 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70-жылдығына арналған аудандық байқау-конкурсы өткізілсін.

Мына құрамда байқау-конкурсты өткізу жөніндегі аудандық ұйымдастыру

комитеті құрылсын

А.Ә. Әбілқайыров — аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы (төраға);

Б.Қ. Ахметжанов - «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары (төрағаның орынбасары);

С.К. Жақыпов – аудандық білім бөлімінің басшысы (келісім бойынша, төрағаның орынбасары);

Ж.У. Жанқарашева – «Айыртау ауданының білім беру қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ филиалының төрайымы (келісім бойынша, хатшы);

Ж.М. Жүсіпов — аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы (келісім бойынша);

И.Ю. Бурковская – «Айыртау Ин-форм» ЖШС директоры (келісім бойынша);

Р.Е. Дәулетов – аудан әкімінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі кеңесшісі (келісім бойынша);

А.Ж. Ғабдуллин - «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалы

жастар қанатының атқарушы хатшысы; Ә.Қ. Қожахметов – «Жастар бастамасының орталығы» КММ директоры (келісім бойынша).

Байқау-конкурсты өткізу туралы Ереже бекітілсін (қоса берілген).

«Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы, ардагерлер кеңесі білім бөлімімен бірлесе отырып байқау-конкурсты ұйымшылдықпен өткізу бойынша жоспарды әзірлесін және жүзеге асырсын.

Қаулының жүзеге асырылуын бақылау «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Б.Қ. Ахметжановқа, аудандық білім бөлімінің басшысы С.К. Жақыповқа жүктелсін.

А. ТАСТЕМИРОВ,
«Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ төрағасы.
А. ӘБІЛҚАЙЫРОВ,
ауданның ардагерлер кеңесінің төрағасы.

«Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалы жастар
қанатының жасотандық (волонтерлік, тимуровшы) жасақтары мен «Жас Ұлан» жасақтарының 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70-жылдығына арналған байқау-конкурсын өткізу туралы ереже

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70-жылдығына дайындалуға және өткізуге сәйкес, соғыс және еңбек ардагерлерінің материалдық және тұрмыстық жағдайларын жақсартуға көмек көрсету мақсатында 2015 жылы жасотандық (волонтерлік, тимуровшы) жасақтары мен «Жас Ұлан» жасақтарының арасында аудандық байқа-конкурсы өткізілсін.

Байқау-конкурстың мақсаттары мен міндеттері:

жас ұрпақтың бойында отансүй-гіштік, жауынгерлік даңқ пен соғыс және тыл еңбеккерлерінің ерлігіне құрметпен қарау сезімін тәрбиелеу;

соғыс және еңбек ардагерлерімен жастардың кездесуін ұйымдастыру, мәдени шаралар, деңгелек үстелдер өткізу;

мектептерде, колледждер мен еңбек ұжымдарында еңбек және жауынгерлік даңқ мұражайларын ұйымдастыру, жастарды патриоттық тәрбиелеуде олардың рөлдерін күшейту;

тұрмыстық жағдайларын жақсарту-

да соғыс және еңбек ардагерлеріне көмекті ұйымдастыру (су тасуға, ауаларын қардан тазартуға, отын дайындауға, азық-түліктері мен дәрі-дәрмектерін жеткізіп беруге көмек көрсету үшін нақты ардагерлерге, мүгедектерге және жалғызілікті тұратындарға жасотандық жасақтар мен «Жас Ұлан» жасақтарын бекіту).

Байқау-конкурс екі кезеңде өткізіледі:

бірінші кезең (аудандық деңгей – алдын ала қорытындылар 2015 жылдың наурызында, соңғысы 2015 жылдың желтоқсанында шығарылады);

екінші кезең (облыстық кезең – қорытындылар 2015 жылдың сәуірінде шығарылады);

Байқау-конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін ауданда ұйымдастыру комитеті құрылады. Ұйымдастыру комитетінің негізгі міндеті – конкурсқа жасотандықтарды, мектеп және басқа оқу мекемелерінің оқушыларын кеңінен тарту болып табылады.

Ұйымдастыру комитеті ауданда 2015 жылдың 15 наурызына, қорытынды 2015 жылдың 15 қарашасына дейін селолық округ әкімдерінің қорытындысымен қағаз және электрон-ды тасымалдағышта істелген жұмыс ту-ралы ақпарат пен фотосуреттерді қоса ауданның оқу мекемелері жанындағы тиісті әділқазылардың шешімі негізінде ардагерлерге қайырымдылық көмек жөніндегі жұмысты өткізеді және бағалайды.

Ұйымдастыру комитеті әділқазы-лардың ұсыныстарын қарайды және жүпделі орындарды анықтайды.

Байқау-конкурс қатысушыларын марапаттау

Аудандық байқау-конкурстың жеңімпаздары «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалының және аудандық ардагерлер кеңесінің дипломдарымен және бағалы сыйлықтармен марапат-талады.

Байқау-конкурсты өткізу кезеңіндегі барлық маңызды қайырымдылық ша-ралары бұқаралық ақпарат құралда-рында кеңінен жарияланады.

Байқау-конкурсты өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті.

2015 жылдың ақпан айында «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының Қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдау кестесі			
Реттік №	Күні	Қабылдаушының Т.А.Ә.	Негізгі жұмыс орны бойынша лауазымы
1	04.02. 2015 ж.	Науанова Мафруза Тасболатқызы	Аудан әкімінің орынбасары, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ Саяси кеңесінің Бюро мүшесі (келісім бойынша)
2	06.02. 2015 ж.	Дірісов Айдос Сайлауұлы	Айыртау аудандық ІІБ-нің бастығы, полиция подполковнигі (келісім бойынша)
3	11.02. 2015 ж.	Гладкий Александр Владимирович	«Гладкий» ЖК басшысы, депутаттық фракция басшысының орын-басары, аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)
4	13.02. 2015 ж.	Жанахметов Берік Темешұлы	«Қазпошта» АҚҚ аудандық пошта торабы байланысының бастығы, «Нұр Отан» партиясынан аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)
5	18.02. 2015 ж.	Ахметжанов Болат Қадырұлы	«Нұр Отан» партиясы АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшесі, «Нұр Отан» партиясы АФ-ы төрағасының бірінші орынбасары
6	20.02. 2015 ж.	Төребеков Нұрлан Мейрамұлы	Ауданның жер қатынастары бөлімінің басшысы, «Нұр Отан» партиясының мүшесі (келісім бойынша)
7	25.02. 2015 ж.	Молдахметов Саят Ғазизұлы	Аудандық орталық аураханнның бас дәрігері, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшесі (келісім бойынша)
8	26.02. 2015 ж.	Тастеміров Ағзам Ахметжанұлы	«Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі

Ескерту: Азаматтарды қабылдау апта сайын сәрсенбі және жұма күндері 15.00-19.00 сағатта филиалдың кеңсесінде мына мекен-жайда жүргізіледі: Саумалкөл селосы, Ш. Уәлиханов көшесі, 42-А (2 қабат).
Қабылдауға алдын ала жазылу мына телефондар арқылы: 20-242, 79-062.

2015 жылдың ақпан айында «Нұр Отан» партиясы Айыртау аумақтық
филиалының сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі
Қоғамдық Кеңесінің мүшелерімен азаматтарды қабылдау кестесі

Реттік №	Күні	Қабылдаушының Т.А.Ә.	Негізгі жұмыс орны бойынша лауазымы
1	04. 02. 2015 ж.	Молдахметов Саят Ғазизұлы	Аудандық орталық аураханнның бас дәрігері, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
2	11.02. 2015 ж.	Ахметжанов Болат Қадырұлы	«Нұр Отан» партиясы АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшесі, «Нұр Отан» партиясының АФ төрағасының бірінші орынбасары
3	18.02. 2015 ж.	Галиаскарова Альфия Васильевна	«Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшесі, аудан әкімінің құқықтық мәселелері жөніндегі кеңесшісі (келісім бойынша)
4	25.02. 2015 ж.	Тұралинов Мырзабай Шөріпұлы	№1 Саумалкөл ОМ-нің директоры, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ Саяси кеңесінің Бюро мүшесі (келісім бойынша)

Ескерту: Азаматтарды қабылдау апта сайын сәрсенбі күндері 15.00-19.00 сағатта филиалдың кеңсесінде мына мекен-жайда жүргізіледі: Саумалкөл селосы, Ш. Уәлиханов көшесі, 42-А (2 қабат).
Қабылдауға алдын ала жазылу мына телефондар арқылы: 20-242, 79-062.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 2 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Апта. Kz» 11:05 «Айтуға оңай...» 11:45 «Тағдыр» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Дауа» 13:15 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 13:45 «Ақсауыт» 14:15 «Әли мен Аяя» М/ф 14:25 «Қазақ халық ертегілері» М/ф 14:50 «БІЛГІШТЕР» М/х 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «Менің Қазақстаным» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:05 «Шын жүректен!» 18:50 «ЗАҢ ЖӘНЕ БІЗ» 19:30 «Достар» Т/х 20:00 Жеңіске - 70 жыл «ЕЛДІҢ ЕРЛІГІ» Д/ф 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» Т/х 22:40 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «СІЗ НЕ ДЕІСІЗ?» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзекжарды» 0:50 «Көкпар» 1:40 «Дауа» 2:10 «Шын жүректен!» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:02 «Айтұмар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 «Жеті күн» 11:00 «Сәтті сауда» 11:30 М/ф «Белка-стрелка» 11:40 М/ф «Тарзан-размазня» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Женский доктор - 2» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 15:45 «Сәтті сауда» 16:15 М/с «Ким» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Бизнес сыры» 18:00 Новости 18:15 «Ду-думан» 19:00 «ТВ Бинго» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Новости 21:30 «Дворец Абдин» Т/с 22:20 Т/с «След» 23:10 «Жекпе-жек» 00:00 Қорытынды жаңалықтар 00:30 Новости 01:00 «Әр үйдің сыры басқа»

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ҚҰРБЫЛАР» Т/х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «МОД-НЫЙ ПРИГОВОР» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 13:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:10 «П@УТИНА+» 15:00 «112» 15:15 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:10 Т/с «КАРПОВ СЕЗОН ВТОРОЙ» 16:55 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 19:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 20:00 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 20:35 «П@УТИНА» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:45 Т/с «СЕСТРА МОЯ, ЛЮБОВЬ» 22:45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 23:55 «ТЕСТ НА БЕРЕМЕННОСТЬ» 1:50 «П@УТИНА+» 2:35 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:20 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД»

СЕЙСЕНБІ, 3 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Қара шаңырақ» Т/х 10:55 «Айтуға оңай...» 11:40 «Достар» Т/х 12:15 «Ғажайыптанға саяхат» 12:25 «Еңбек түбі - береке» 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «SPORT.KZ» 13:10 «Алаң» 14:00 «Сыр-сұхбат» 14:30 «Қазақ халық ертегілері» М/ф 14:55 «БІЛГІШТЕР» М/х 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «ЖАРҚЫН БЕЙНЕ» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Еңбек түбі - береке» 18:15 «Ас болсын!» 19:05 «Қылмыс пен жаза» 19:30 «Достар» Т/х 20:00 Жеңіске - 70 жыл «ЕЛДІҢ ЕРЛІГІ» Д/ф 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» Т/х 22:40 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзекжарды» 0:55 «Сыр-сұхбат» 1:30 «Шарайна» 2:00 «Жарқын бейне» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:02 «Айтұмар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 Т/с «След» 11:00 Новости 11:10 «Сәтті сауда» 11:40 «Подари детям жизнь» 11:45 «Дворец Абдин» Т/с 12:35 «Спорт без границ» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Женский доктор - 2» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 15:45 «Сәтті сауда» 16:15 М/с «Ким» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Экономикласс» 18:00 Новости 18:15 «Кеңесшілер» Т/х 19:00 «Нүкте» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бюро расследований» 21:00 Новости 21:30 «Дворец Абдин» Т/с 22:20 Т/с «След» 23:00 «Арнайы хабар» 23:30 Қорытынды жаңалықтар 00:00 Новости 00:30 «Әр үйдің сыры басқа» 01:00 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «МОД-НЫЙ ПРИГОВОР» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 13:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:10 «П@УТИНА+» 15:00 «112» 15:15 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:10 Т/с «КАРПОВ СЕЗОН ВТОРОЙ» 16:55 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 19:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 20:00 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 20:35 «П@УТИНА» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:45 Т/с «СЕСТРА МОЯ,

ЛЮБОВЬ» 22:45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 23:55 Т/с «ТЕСТ НА БЕРЕМЕННОСТЬ» 1:50 «П@УТИНА+» 2:35 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:20 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД»

СӨРСЕНБІ, 4 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Қара шаңырақ» Т/х 10:55 «Айтуға оңай...» 11:40 «Достар» Т/х 12:15 «Ғажайыптанға саяхат» 12:25 «Еңбек түбі - береке» 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Поэзия әлемі» 13:10 «Заң және біз» 13:55 «Шарайна» 14:25 «Қазақ халық ертегілері» М/ф 14:55 «БІЛГІШТЕР» М/х 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «КЕЛІН» Т/х 17:00 «Ұлт мақтанышы» Д/ф 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Қылмыс пен жаза» 18:35 «Еңбек түбі - береке» 18:40 «Құқық үстемдігі - ел дамуының стратегиялық факторы» Д/ф 19:10 «ЖУРНАЛИСТИК ЗЕРТЕУ» 19:30 «Достар» Т/х 20:00 Жеңіске - 70 жыл «ЕЛДІҢ ЕРЛІГІ» Д/ф 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» Т/х 22:40 «КЕЛІН» Т/х 23:25 «Қазақстан дауысы» Күнделік 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:30 «Өзекжарды» 0:50 «Ұлт мақтанышы» Д/ф 1:15 «Ас болсын!» 2:00 «Поэзия әлемі» 2:25 «Қазақстан дауысы» Күнделік 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:02 «Айтұмар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 Т/с «След» 11:00 Новости 11:10 «Сәтті сауда» 11:40 «Подари детям жизнь» 11:45 «Дворец Абдин» Т/с 12:35 «Спорт әлемі» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Женский доктор-2» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 15:45 «Сәтті сауда» 16:15 М/с «Ким» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Бизнес сыры» 18:00 Новости 18:15 «Кеңесшілер» Т/х 19:00 «Біздің үй» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 Д/с «Табиғат тартуы» 21:00 Новости 21:30 «Дворец Абдин» Т/с 22:20 Т/с «След» 23:10 «Нүкте» 00:00 Қорытынды жаңалықтар 00:30 Новости 01:00 «Әр үйдің сыры басқа» 01:30 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «МОД-НЫЙ ПРИГОВОР» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 13:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:10 «П@УТИНА+» 15:00 «112» 15:15 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:10 Т/с «КАРПОВ СЕЗОН ВТОРОЙ» 16:55 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 19:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 20:00 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 20:35 «П@УТИНА» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:45 Т/с «СЕСТРА МОЯ, ЛЮБОВЬ» 22:45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 23:55 Т/с «ТЕСТ НА БЕРЕМЕННОСТЬ» 1:50 «П@УТИНА+» 2:35 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:20 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД»

БЕЙСЕНБІ, 5 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Қара шаңырақ» Т/х 10:55 «Айтуға оңай...» 11:40 «Достар» Т/х 12:15 «Ғажайыптанға саяхат» 12:25 «Еңбек түбі - береке» 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Агробизнес» 13:05 «Сіз не дейсіз?» 13:35 «Жан жылуы» 14:00 «Журналистик зерттеу» 14:25 «Қазақ халық ертегілері» М/ф 14:45 «БІЛГІШТЕР» М/х 14:55 «Қазақстан дауысы» Күнделік 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «Ұлт мақтанышы» Д/ф 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 18:40 «Поэзия әлемі» 19:10 «ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ: ҰЛТТЫҚ ӨНДІРІС» 19:30 «Достар» Т/х 20:00 Жеңіске - 70 жыл.«ЕЛДІҢ ЕРЛІГІ» Д/ф 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» Т/х 22:40 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзекжарды» 0:55 «Қылмыс пен жаза» 1:20 «Еңбек түбі - береке» 1:25 «Ұлт мақтанышы» Д/ф 1:55 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 2:25 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:02 «Айтұмар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 Т/с «След» 11:00 Новости 11:15 «Сәтті сауда» 11:45 «Подари детям жизнь» 11:50 «Дворец Абдин» Т/с 12:40 «Экономикласс» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Женский доктор - 2» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 15:50 «Сәтті сауда» 16:20 М/с «Ким» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Бизнес сыры» 18:00 Новости 18:15 «Кеңесшілер» Т/х 19:00 «Жекпе-

жек» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Энергия будущего» 21:00 Новости 21:30 «Дворец Абдин» Т/с 22:20 Т/с «След» 23:10 «Біздің үй» 00:00 Қорытынды жаңалықтар 00:30 Новости 01:00 «Әр үйдің сыры басқа» 01:30 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «МОД-НЫЙ ПРИГОВОР» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 13:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:10 «П@УТИНА+» 15:00 «112» 15:15 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:10 Т/с «КАРПОВ СЕЗОН ВТОРОЙ» 16:55 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 19:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 20:00 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 20:35 «П@УТИНА» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:45 Т/с «СЕСТРА МОЯ, ЛЮБОВЬ» 22:45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 23:55 «ТЕСТ НА БЕРЕМЕННОСТЬ» 1:50 «П@УТИНА+» 2:35 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:20 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД»

ЖҰМА, 6 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Қара шаңырақ» Т/х 10:55 «Қазақстан дауысы» Күнделік 11:05 «Айтуға оңай...» 11:50 «Достар» Т/х 12:25 «Еңбек түбі - береке» 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Келбет» 13:15 «Көкпар» 14:00 «Индустрияландыру: Ұлттық өндіріс» 14:25 «Қазақ халық ертегілері» М/ф 14:50 «БІЛГІШТЕР» М/х 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «Жан жылуы» 17:25 «Еңбек түбі - береке» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» 18:40 «Ғасырлар үні» 19:10 «Иман айнасы» 19:30 «Достар» Т/х 20:00 Жеңіске - 70 жыл.«ЕЛДІҢ ЕРЛІГІ» Д/ф 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ШЫН ЖҮРЕКТЕН!» 22:40 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзекжарды» 0:55 «Шоқан Уәлиханов» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:04 «Айтұмар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 Т/с «След» 11:00 Новости 11:15 «Сәтті сауда» 11:45 «Подари детям жизнь» 11:50 «Дворец Абдин» Т/с 12:40 «Энергия будущего» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Женский доктор - 2» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 15:45 «Сәтті сауда» 16:15 «Ұлт саулығы» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Бармысың, бауырым?» 18:00 Новости 18:15 «Махаббатым жүрегімде» Т/х 19:00 «Орталық Хабар» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Одна судьба» 21:00 Новости 21:30 Кино «Добро пожаловать в капкан» 23:10 Кино «Борандатып жеткен қалыңдық» 01:00 Қорытынды жаңалықтар 01:30 Новости 02:00 «Әр үйдің сыры басқа» 02:30 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «МОД-НЫЙ ПРИГОВОР» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 13:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:15 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 14:30 «П@УТИНА» 15:00 «112» 15:15 Т/с «КАРПОВ СЕЗОН ВТОРОЙ» 16:50 «ЖДИ МЕНЯ» КАЗАХСТАН 18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 19:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 20:00 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 20:35 «П@УТИНА» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:45 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 22:50 «КЛУБ ВЕСЕЛЫХ И НАХОДЧИВЫХ» Высшая лига Финал 1:05 «ЧЕЛОВЕК И ЗАКОН» 2:00 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС №» 2:25 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:05 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 3:50 Т/с «ИГРЫ РАЗУМА» 4:35 «КОНТРОЛЬНАЯ ЗАКУПКА»

СЕНБІ, 7 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:40 «АГРОБИЗНЕС» 9:00 «СЕНБІЛІК ТАҢ» 10:05 «Дауа» 10:40 «Ас болсын!» 11:25 «Қазақстан дауысы» 13:25 «ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІ» 13:50 «Телқоңыр» 14:35 «Сырғалым» Т/х 16:15 «Махаббаттың мәңгілік ертерісі» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «Махаббаттың мәңгілік ертерісі» 19:20 «ҚАЗАҚТЫҢ ІНЖУ-МАРЖАНЫ» 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:00 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ!» 23:30 «Жайдарман» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 Кино «Кон-тики» 2:30 «Ғасырлар үні» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:02 «Қалжың қоржыны» 8:30 «Жабайы футбол жаналғыштары» М/с 9:00 «Бармысың, бауырым?» 9:45 «Продвопрос» 10:00 «Спорт без грани» 10:25 М/ф «Эскимос» 10:55 М/ф «Печать царя Соломона» 12:10 Кино «Как Майк» 14:00 «Орталық Хабар» 14:50 «Жұлдызды дода» 16:20 «Тур

Ұстаз мерейі

БІЛІМДІ ДЕ, БІЛІКТІ ҰСТАЗ

Мұғалім – ең ізгі әрі қиындықтары мол, жауапкершілігі жоғары мамандық. Осындай мамандық иесі – Қазанка орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Хамзина Қамарай Файзоллақызы. Ол 1992 жылдан бері осы білім ордасында шетел тілін үйрету ісіне ерекше мән беріп келеді.

Қазіргі заманда Қазақстанның әлеуметтік дамуы, әлемдік білім беру кеңістігіне енуі полилингвальды білім беру тәжірибесін талап ететінін Қамарай Файзоллақызы өз еңбегімен дәлелдеп жүр. Полилингвальды білім беру – оқушылардың бірнеше тілдер арқылы әлем мәдениетіне бейімделуге бағыттайтын процесс. Ана тілді, мемлекеттік тілді, шетел тілін білмей, дүниежүзілік экономика кеңістігін, білім, ақпарат көздерін жете меңгере алмайтынына көзі жетіп, мұғалім ағылшын тіліне үйретуде интегралды әдісті қолданып отырады, яғни сабақ үстінде үш тілді қолдануды әдетке айналдырып отыр. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру барысында, полимәдениетті тұлға қалыптастыру мақсатында ұстаз әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, әр түрлі мазмұнды сабақтар мен іс- шаралар өткізеді. Атап айтсақ, «Полиглот» сайысы, эвристикалық әдіс, рөлдік, дидактикалық ойындар, өмірлік жағдаяттар, саяхат сабақтары, интерактивті әдіс, тілдік үйірме жүргізу т.б. жұмыс түрлері арқылы оқушыларды сол елдің халқы, салт-дәстүрі, өнері, тарихымен таныстырады. Модульдік оқытуды басшылыққа алып, М.М. Жанпейсова технологиясы оқушыларды теорияны аз уақытта меңгеріп, өз бетінше ізденуге, шығармашылыққа жол ашады деген сенімде. Оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін сөйлеудің дұрыс үлгісін беругі мәтін арқылы жүзеге асырады. Қамарай Файзоллақызы мәтінмен әр түрлі жұмыс түрлерін ұйымдастыра отырып, еркін сөйлеуге жаттықтырады да, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытады.

Жігі де тиімді қолданатын диалогтік оқыту өз елеулі үлесін қосып отыр. Жүсіпбек Аймауытов айтқандай: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер». Қамарай Файзоллақызы педагогика жаңалықтарын өзі үйретіп жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана біледі, оқу үдерісін жаңаша ұйымдастырып, оқушылардың оқудағы іс- әрекеттері арқылы сын тұрғыдан ойлауға жетелейді.

Нұрсұлтан Назарбаев: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаңың ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет» - дегендей, Қамарай Файзоллақызы балаларды 1-сыныптан ағылшын тіліне аябай үйретіп жүр. Осындай еңбектің нәтижесі – оқушылардың пәнге, ұстазға деген сүйіспеншілігі, мектеп түлектерінің ЖОО-да емтихан, сынақтардан сүрінбей өтулері.

Ұстаздың жолын қуған шәкірттері - Коканова Зарина, Бекенов Абзал, Қабдрахманова Динара, Есетова Айман мұғалім және аудармашы болып жұмыс атқарады. Төлешова Мөлдір - Ш. Уәлиханов атындағы Мемлекеттік университеттің шетел тілі факультетінің 3 курс студенті.

Нұрзайып ҚОЖАХМЕТОВА,

Казанка ОМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ҰСТАЗ – ҰЛЫ ТҰЛҒА

Ұстаз деген бұл әр адамның өмірінде ерекше орын алатын тұлға. Ұстаз – оқушы алдында мәртебесі қашанда биік, болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие беруде рөлі ерекше. Осындай ерекше ұстаз Лобанов орта мектебінде қызмет атқарып жүрген ағылшын тілі мұғалімі Захайқызы Сыйлыгүл жайлы сөз етпекпіз.

Захайқызы Сыйлыгүл адамгершілігі мол, шәкірттеріне адал, оқушы жүрегіне жол таба білетін мейірімділігімен, әрқашан өзінің жинақы ұстамды қасиеттерімен қатар білім нәрімен сусындытып жүрген өнегелі ұстаздың бірі. Сабақтарын сыны тұрғысынан ойлау технологиясына негіздей отырып, ойын түрінде қызықты әрі жан-жақты дамыту арқылы үйретеді. Ұстаз ер сабағына үнемі шығармашылықпен дайындалып, заман талабына сай оқытудың иновациялық әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана біледі. Болашақта ел тұтқасын берік ұстайтын жастарды тәрбиелейтін осындай білімді ұстаздар көп болсын дегіміз келеді.

Гүлзира БАЖАЙ,

Лобанов ОМ-нің әлеуметтік ұстазы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2015 жылдың 18 ақпанында сағат 11.00-де СҚО, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Достық көшесі, 74 үй, аудандық Қайрош ата мешітінде «СҚО Айыртау ауданы Қарасай Батыр ауылындағы мешіт құрылысы» жұмыс жобасының қоршаған ортаға әсер ету бағасы (қоршаған ортаға әсер ету белімі) материалдары туралы қоғамдық тыңдау өткізіледі. Қызығушылығы бар барлық тұлғалар мен ұйымдардың аталған шараға қатысуын сұраймыз. ҚОӘБ материалдарымен қағаз жүзінде төмендегі мекен-жай бойынша танысуға болады: СҚО, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Достық көшесі, 74 үй, Айыртау аудандық Қайрош ата мешіті.

Сонымен қатар ҚОӘБ материалдарын stroi-airtau@bk.ru электрондық поштасы арқылы сұрауға болады. Ұсыныстар мен ескертулер. stroi-airtau@bk.ru электрондық поштасы мекен-жайында қабылданады.

де Хабар» 16:50 Концерт «Арманға жетелей бер, Астана!» 18:00 Кино «Қара шаңырақ» 19:40 Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналады – 70-летию Великой Победы посвящается «Мен көрген соғыс» - «Моя история войны» 19:50 «Бенефис-шоу» 21:00 «Жеті күн» 2

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	29/01 БС	30/01 ЖМ	31/01 СН	1/02 ЖК	2/02 ДС	3/02 СС	4/02 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	-12 -18	-12 -17	-17 -20	-11 -22	-9 -20	-11 -17	-11 -16
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		746	744	744	746	749	749	749
Желдің бағыты		О-Б	О	О	О	О-Б	О-Б	О-Б
Желдің шапшаңдығы		4	4	3	2	2	5	4

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Ұстаз мерейі

ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ

Мен 2014 жылы Қызылөскер орта мектебін аяқтадым. Ұлттық бірыңғай тәстiлеуде биология пәнiн тандап, жоғары балл жинап Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетіне психология мамандығы бойынша оқуға түстім. Жеткен жетістіктерімнің бәрі ұстаздарымның арқасы деп білемін. Соның ішінде мектебіміздің биология және химия пәнінің мұғалімі Қожахметов Жұмат Әбілмәжiнұлын ерекше атап өткім келеді.

Ұстазым туралы ауыз толтырып мақтана айтсам болады. Жұмат Әбілмәжiнұлы - Қызылөскер орта мектебінің I-санатты биология және химия пәндерінің мұғалімі.

1968 жылы 8 наурызда Айыртау ауданы Құмтөккен ауылында туылған. 1975-1983 жылдары Қызылөскер негізгі (қазіргі орта) мектебінде, 1983-1985жылдары Көкшетау қаласындағы №3 орта мектепте оқыды. 1985-1992ж.ж. Целиноград ауыл шаруашылық институтын, 2003 ж.ж. Л.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің химия факультетін тәмамдаған. 2012жылы М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-де биология пәні бойынша білімін шыңдады. Еңбек жолын 1992жылы Қызылөскер орта мектебінде химия және биология пәні мұғалімі ретінде бастады. Содан бері шәкірттерінің жүрегіне білім шырағын жағып, ұстаздық жұмысын тамаша атқарып келеді. Оған Жұмат Әбілмәжiнұлының марапаттары дәлел бола алады. 2010жылы жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін және мұғалімдердің кәсіби мерекесі күні құрметіне марапатталды.

2010 жылы «Ең нәтижелі мұғалім» ретінде Айыртау аудандық ББ-нің бағалы сыйлығымен марапатталды. 2010жылы СҚО ПКБА ҚДИ өткізген облыстық биология кабинеттері арасындағы байқауда жүлделі 2-ші орынға ие болды. Сонымен қатар химия және биология пәндері семинарларына үнемі қатысады. Аудандық пәндік олимпиаданың химия пәні бойынша әділқазылар алқасының мүшесі.

Ұстаз еңбегінің нәтижесі - оның шәкірттері. Жұмат



Әбілмәжiнұлының шәкірттерінің көпшілігі биология және химия пәндеріне сәйкес мамандықтарды тандап, еліміздің әр түрлі қалаларында білім алып жүр. Бұның бәрі ұстазымыздың ерен еңбегінің жемісі деп білемін. Алдағы уақыттарда Жұмат Әбілмәжiнұлына еңбек жолында шыңдардан көрініп, шәкірт тәрбиелеуде үлкен табыстар тілейміз.

Гүлбаршын ЖӘМШИТ,
Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-нің 1 курс студенті.

Мектепке дейінгі білім беру

ТӘРБИЕШІЛЕРГЕ РИЗАМЫЗ

Бірлестік орта мектебі жанынан ашылған «Балапан» балалар шағын орталығының ата-аналары, балаларымызға тәрбие беріп жүрген ұжымға зор алғысымызды білдіргіміз келеді. Балалардың әрқайсысы үшін жан жылуың, мейірімін аямайтын ақжарқын тәрбиеші Тұрлыбекова Жадыра Қуандыққызы және тәрбиеші көмекшісі Мақсұтова Алмагүл Құрайышқызына алғысымыз шексіз. Балалардың өсіп келе жатқан ортасы мен алатын үлгі өнегесіне осы аталған тәрбиешілердің еңбегі зор. Біздің абзал тәрбиешілеріміз әр баланың тілін тауып, оларды жақсы әдепке үйретіп, өнер білімге баулып, болашақ ұрпақты үлкен шыдамдылықпен және кәсіби біліктілікпен тәрбиелеуде. Жадыра Қуандыққызы жұмысына тиянақты, өз ісін білетін тәрбиеші.

Таңғы қабылдау кезінде балаларды, ата-аналарды жылы жүзбен қарсы алады. Менің балам Арнұр тәрбиешісін көргенше асығады.

Осы топта «Балалардың шығармашылық дарындылығын дамыту» тақырыбында өткізілген мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы аудандық «НҰРЛЫ КӨЖЕК - 2014» жобалар сайысында Қызбикенова



Еркенұр мадақтамамен марапатталды. Ата-аналар арасында түрлі сауалнамалар, көңілді сайыстар, іс-шаралар, ертеңгіліктер өткізіп тұрады. «Супер әжелер және немерелер» атты сайыс өтті. Біз әжелер немерелеріміздің нәтижесін көріп қуанып қалдық. «Кел

Жаңа Жыл» атты ертеңгілігіне қатысып, жақсы көңіл күймен қайттық. Еліміздің ертеңгі жас бүлдіршіндерін тәрбиелеген Жадыра Қуандыққызының еңбек жолына үлкен табыс тілейміз.

Жансая АНАФИНА,
ата-аналар атынан.

Тәрбие басы – тал бесік

Қазақ халқы қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Тәрбиенің тал бесігі балабақша табалдырығынан бастау алады. Адам бойындағы жақсы қасиеттердің бәрі тәрбиеден басталады. Балабақша тәрбиешілері алдына жан салмай, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», білек сыбана кірісіп, бар білген ілім-білімін жас ұрпаққа жалықпай үйретіп келеді. Тілге тиек еткелі отырған тәрбиешілеріміз тәрбие мәселесіне көңіл бөліп, оған тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, тапқырлықтары мен іскерліктерінің, ізденімпаздықтары мен шығармашылықтарының арқасында жас ұрпақты заман талабына сай тәрбиелеуде өз үлестерін аямай қосып, абыроймен еңбек етіп келе жатқан Айыртау ауданының Саумалкөл селосында орналасқан «Родничок» балабақшасының «Ақбота» тобындағы ақ жарқын жүзді Мәндібаева Нұргүл Жұмағалиқызы мен Жахиана Бақытжан Амангелдіқызы.

Балабақша тәрбиеленушілері болашақ иесі болғандықтан, дүниежүзілік мәдениетті танытың, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болулары тиіс. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін жасөспірімдер бойында саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты екенін біздің Бахытжан

апай мен Нұргүл апайларымыз жақсы түсінеді. Сол тәрбиені білікті мамандар, тәжірибелі тәрбиешілер толыққанды беріп отыр. Ең бастысы, тәрбиеленушілердің періштедей бақытты, жарқын жүзі тәрбиешілердің мол білімі мен тынбас еңбегін байқатады. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» деген ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби ойын әрбір тәрбиеші, әрбір ата-ана өздеріне қағида ретінде ұстанса, нұр үстіне нұр болар еді. Оқу мен тәрбие – бір-бірінен ажыратылмайтын ұғым. Жаңа заманның жаңашыл тәрбиешісі осы екі үрдісті бірдей теңестіріп алып жүру оның шеберлігі мен іскерлігін көрсетеді. Жоғарыда айтылған қасиеттер біздің апайларымыздың бойларынан табылады. Олардың әр баланың тілін тауып, бабын тауып, бала жүрегінен орын алғандары тайға таңба басқандай ерекше көзге түседі. Себебі балабақшада ұйымдастырылатын іс-шаралар, ертеңгіліктер, ата-аналарға, қонақтарға арнап өткізілетін «Ашық есік» күндері сапалы, жоғары дәрежеде ұйымдасқан түрде өтеді. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады» дегендей біздің инабатты, мейірімді апайларымыздың берген тәрбиесі мен білімінің арқасында біздің бүлдіршіндеріміз болашақта Қазақстанның беделді бір азаматы болатынына сенеміз.

«Ақбота» тобының ата-аналары.

2015 жылдың 1 тоқсанындағы «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі

Жанапин Едрес Жәзiтұлы - ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы әр сейсенбі сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін. Мекен-жайы: Саумалкөл селосы, Д. Сыздықов көшесі 4. Телефон: 21-717.

Жүсіпов Болат Нығмашұлы - ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі басшысының орынбасары, әр сәрсенбі сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін. Мекен-жайы: Саумалкөл селосы, Д. Сыздықов көшесі 4. Телефон: 22-936.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Айыртау ауданы бойынша ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінде 21-717 сенім телефоны жұмыс істейді. Сенім телефоны арқылы сіздер қызметшілер мен лауазымды тұлғалар тарапынан жіберілген құқық бұзушылықтарды хабарлай аласыздар. Қоңырау шалыңыздар, сіздердің хабарландыруларыңыз бей-жай қалмайды.

* * *

Сырымбет ауылдық округі әкімінің азаматтарды қабылдау кестесі

«Сырымбет ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі Сүлейменов Дулат Қабдрашитұлы әр аптаның дүйсенбі күні сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқық бұзушылықтарды, Ар-намыс кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар.

«Сырымбет ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 54-786 сенім телефоны қызмет етеді.

* * *

«Лобаново ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-і азаматтардың жеке сұрақтары бойынша қабылдау кестесі

«Лобаново ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі Жайықов Еркебұлан Сапарғалиұлы әр аптаның жұма күндері сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқық бұзушылықтарды, Ар-намыс кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар.

«Лобаново ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 8 (71533) 46-244 сенім телефоны қызмет етеді.

* * *

«Имантау ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-і азаматтардың жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі

«Имантау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі Сердюк Любовь Владимировна әр аптаның сейсенбі күндері сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқық бұзушылықтарды, Ар-намыс кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар.

«Имантау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 8(71533) 45-668 сенім телефоны қызмет етеді.

АҚПАН АЙЫНДАҒЫ НАМАЗ ОҚУ УАҚЫТЫНЫҢ КЕСТЕСІ

(Саумалкөл уақыты бойынша) 2015 жыл – хижраша 1436 жыл

Ақпан	Апта күндері	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінті намазы	Ақшам намазы	Құптан намазы
01.02.2015	Жексенбі	7:04	9:05	13:30	16:12	18:12	19:42
02.02.2015	Дүйсенбі	7:02	9:03	13:30	16:13	18:13	19:43
03.02.2015	Сейсенбі	7:00	9:01	13:30	16:15	18:15	19:45
04.02.2015	Сәрсенбі	6:57	9:00	13:30	16:16	18:17	19:47
05.02.2015	Бейсенбі	6:55	8:58	13:30	16:18	18:19	19:49
06.02.2015	Жұма	6:53	8:56	13:30	16:20	18:21	19:51
07.02.2015	Сенбі	6:52	8:54	13:30	16:21	18:23	19:53
08.02.2015	Жексенбі	6:50	8:52	13:30	16:23	18:25	19:55
09.02.2015	Дүйсенбі	6:49	8:50	13:30	16:25	18:27	19:57
10.02.2015	Сейсенбі	6:47	8:49	13:30	16:26	18:29	19:59
11.02.2015	Сәрсенбі	6:45	8:47	13:30	16:28	18:31	20:01
12.02.2015	Бейсенбі	6:43	8:45	13:30	16:29	18:32	20:02
13.02.2015	Жұма	6:40	8:44	13:30	16:31	18:34	20:04
14.02.2015	Сенбі	6:38	8:42	13:30	16:32	18:36	20:06
15.02.2015	Жексенбі	6:35	8:40	13:30	16:34	18:38	20:08
16.02.2015	Дүйсенбі	6:33	8:38	13:30	16:36	18:40	20:10
17.02.2015	Сейсенбі	6:30	8:35	13:30	16:37	18:42	20:12
18.02.2015	Сәрсенбі	6:28	8:34	13:30	16:39	18:44	20:14
19.02.2015	Бейсенбі	6:25	8:32	13:30	16:40	18:46	20:16
20.02.2015	Жұма	6:24	8:30	13:30	16:43	18:48	20:18
21.02.2015	Сенбі	6:22	8:28	13:30	16:45	18:50	20:20
22.02.2015	Жексенбі	6:20	8:25	13:30	16:47	18:52	20:22
23.02.2015	Дүйсенбі	6:18	8:22	13:30	16:49	18:54	20:24
24.02.2015	Сейсенбі	6:15	8:20	13:30	16:52	18:56	20:26
25.02.2015	Сәрсенбі	6:12	8:18	13:30	16:55	18:58	20:28
26.02.2015	Бейсенбі	6:10	8:15	13:30	16:57	18:59	20:29
27.02.2015	Жұма	6:07	8:14	13:30	16:59	19:01	20:31
28.02.2015	Сенбі	6:04	8:12	13:30	17:02	19:03	20:33
29.02.2015	Жексенбі	6:02	8:10	13:30	17:04	19:05	20:35

Айыртау аудандық Қайрош ата мешіті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Арзан бағамен балалардың, әйел және ер адамдардың киімдері сатылады. Алтын тау, 34 бутик.

Индексі 65844. Таралымы 1550, № 83 тапсырыс

Қазақстан Республикасының Газетте жарық көрген оқырман Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық пікірлері редакцияның көзқарасын келісім Министірілгінде 30,05, 2008 жылы білдірмейді, жарияланбаған есепке қойылған Есепке қою № 9246-Г. материалға жауап берілмейді. Газет бейсенбі күні шығады.

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.

«Айыртау таңы» газетінің электронды түрі интернетте мына мекенжай бойынша орналасқан: <http://az.ivist.kz>